

**С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық  
Медициналық Университет**

**Кафедра: Эпидемиология**

**ВИРУСТЫҚ А ГЕПАТИТІНІҢ  
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Факультет: ҚДС 13-001-01**

**Курс: 5**

**Оқытушы: Қарабатырова Т**

**Орындаған: Пайызхан Б**

# ЖОСПАР

- **Кіріспе**

- **Негізгі бөлім**

Гепатит туралы түсінік

АВГ-нің берілу жолдары, клиникалық нәтижелері

Емдеу жолдары

Алдын алу , вакцинациялау

- **Қорытынды**

- **Пайдаланылған әдебиеттер**

# КІРІСПЕ

- Қазақстан Республикасы вирустық гепатиттің А түрінің көп тараған өңірлердің біріне жатады, сырқаттану вирустық гепатитпен ауырудың барлық жағдайының 60 %-нан 90 %-на дейін жетеді.

Бауырдың қабынуының Е вирусымен ауырған жағдай біздің республикада тіркелмеген. Аурудың бұл түрі, халықты сумен қамтамасыз ету жұмыстары нашар ұйымдастырылған, көбінесе Азия және Африка елдеріне тән.

- «Сары ауру» эпидемиясы туралы біздің заманымызға дейін Гиппократ V ғасырда сипаттап жазып қалдырған, бірақ оның қоздырушысы туралы тек өткен ғасырдың ортасында ашылған болатын. Бауырдың қабыну вирусы жұқпалы аурулардың ішінде аса өзекті мәселе болып табылады. ДДҰ-ның мәліметі бойынша В гепатитімен науқастанғандардың саны 1 миллиардтан асатын болса, С гепатитімен дүние жүзінде млн. шамасы белгілі. Жыл сайын бауыр берішінен (циррозынан) млн. аса адам көз жұмады. Жағдайдың көкейтесті мәселелерінің бірі, ол науқас адамның еңбекке жарамды шағында, аурудың жас кезінде пайда болуы болып отыр, мемлекеттің экономикалық жағынан да зиян келуіне, қаражат және адам шығынына әкеліп соғатыны белгілі. С жіті гепатитімен ауырған науқастың ауруы созылмалы түрге ауысады. Науқас адамның бауыр беріші 3 жылдың ішінде өрбіп, соңында рак ауруына шалдығуына қатер төндіреді.

# Гепатит туралы

Гепатит (сары ауру) — бауырды зақымдайтын вирустық инфекция. Оны кей жерде "қызба" деп атағанымен, гепатит көбіне температураны көтермейді. Бұл ауру жас балаларда жеңіл формасында өтеді, ал қарт адамдар мен екі қабат әйелдерде өте ауыр болады. Науқас әдетте, 2 апта бойы өте ауыр халде болады және ауырудан кейін 1 айдан 3 айға дейін қатты әлсірейді. (Мына адам көзінен сары кеткеннен кейін де 3 апта бойына сары ауруды басқаларға жұқтыра алады).

- **Этиологиялық құрылымы, патогенезі, эпидемиологиясы, клиникасы бойынша және бұл аурулардың соңы өте ұқсас емес. қоздырғышы белгілі бауыр қабынуы ауруының дербес 6 түрін ажыратады. Бауырдың қабынуы вирусы халықаралық классификация бойынша 2 топқа бөлінген:**

**1. Энтеральды топ** – фекальдық жолмен жүретін әдеттегі ішек жұқпасы, оған **A** вирустық гепатиті және **E** вирустық гепатиті жатады.

**2. Ас қорыту жолынан тыс тобы** – әдеттегі қанталау инфекциясы – жұғу жолдары – қан және де организмнің сұйық ортасы (сілекей, сперма, емшек сүті). Бұл топтың өкілдеріне – **B** вирустық гепатиті, **C** вирустық гепатиті, **D** вирустық гепатиті жатады.

# АВГ-НІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ, КЛИНИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ:

- **1. АВГ-нің берілу жолдары:**

- 1) тұрмыстық – қарым-қатынас (отбасыларында және топтастырылған ұжымдарда);

- 2) жұқтырылған су, тамақ арқылы (алиментарлық);

- 3) парентералдық – сирек.

2. Сарғаюдың түрлері – жас бойынша топтар арасында мыналарды құрайды:

- 1) 6 жасқа толмаған балаларда – 10%-дан кем;

- 2) 6-дан 14-ке дейінгі жастағы балалар – 40-50%;

- 3) 14 жастан асқан адамдар – 70-80%.

- 3. АВГ-нің клиникалық нәтижелері:**

- 1) жіті А гепатитінің 99%-ы аурудан айығады;

- 2) ауыр, көбінесе өлім-жітімді түрлері, ересектерге тән, кейбір кезде созылмалы В және С вирусты гепатиттерімен сырқат адамдар А гепатитін жұқтырған жағдайда, микст-жұқпасы бар сырқаттарда тіркеледі;

- 3) сирек кездесетін асқынулар: фульминанттық, холестатистикалық, рецидивтік гепатит;

- 4) АВГ кезінде созылмалылық болмайды.

# БЕЛГІЛЕРІ


Асқа тәбеті болмайды, темекі де шеккісі келмейді. Көбіне бірнеше күн бойы тамақ ішпей қояды.

Кейде оң жақ бауырының тұсы ауырады  
Дене қызуы көтерілуі мүмкін.

Бірнеше күннен кейін көз сарғаяды.

Тамақтан және оның иісінен лоқсып, құсады.

Несептің түсі қызғылт-сары, ал үлкен дәрет — ақшыл болады.





# ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

- Антибиотиктердің гепатитке еш пайдасы жоқ. Оның үстіне кейбір дәрілер бауырға одан сайын зиян келтіреді. Дәрілерді пайдаланбаңыз.
- Науқас демалып, көп сұйық ішуі керек. Егер тамақ ішкісі келмесе, оған апельсин, папайя және басқа жемістердің шырындарын беріңіз, бұған қоса сорпа немесе көкөністер организмді витаминдермен байытады.
- Науқас тамақ іше бастаған кезде тамақтың түр-түрін теңдестіріп беріңіз. Құрамында протеин аздау көкөністі және жеміс-жидекті көбірек қабылдағаны дұрыс. Құрамында протеині мол тағамдарды (ет, жұмыртқа, балық т. б.) көп бермеуді кеңес етеміз, өйткені бұл бауырға салмақ түсіруі мүмкін. Ауырғаннан кейін кем дегенде 6 ай бойы ішімдік ішпеңіз.

# АЛДЫН АЛУ



Гепатит вирусы бір адамнан екінші адамға дәрет, лас су мен тағам арқылы тарайды. Ауруды жұқтырмау үшін науқас адамның дәретін көміп тастау немесе жағып жіберу керек және өзін таза ұстау керек Мұндай науқастарды күткен кезде оған жақындаған сайын қолды мұқият жуу қажет.

• **4. Зертханалық диагностика. АВГ-нің серологиялық маркерлері:**

1) АВГ-ге IgM класы антиденелері (IgM anti-HAV) жіті АВГ жұқпасын көрсетеді және ауырғаннан кейін 6 ай бойы сақталуы мүмкін; сырқаттардың көбі 3 айдың ішінде жазылып кетеді.

2) АВГ-ге жалпы антиденелер (anti-HAV total) бұрын ауырған жұқпаны немесе АВГ-ге иммунитеттің болуын (бұрын ауырғаннан немесе вакцинациялаудан кейін) көрсетеді; сырқаттардың көбісінде өмір бойы сақталады.

**А вирустық гепатиттің алдын алу мен бақылау стратегиясы:**

1) елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

2) тұрмыстық-жанасу жолымен берілудің алдын алу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде және басқа оқу орындарында тиесілі санитарлық-гигиеналық жағдайды, ауызсу тәртібі мен жеке бас тазалығын сақтау үшін қарапайым шарттардың жасалуына (сабын, дәретхана қағазы) ерекше назар аудара отырып, қамтамасыз ету;

3) санитарлық-гигиеналық талаптарды және техникалық қызметкерлерге жүргізу жүктелген буфеттерді, асханаларды, сантораптарды, сыныптық бөлмелерді және рекреацияларды күнделікті жуып-жинау дұрыстығын сақтауды қамтамасыз ету;

4) оқушыларды мектептің үй-жайларын жуып-жинау үшін тартуға қатаң тыйым салу;

- **. А вирусты гепатитінің (бұдан әрі – АВГ) өзіндік алдын алу — вакцинациялау.**

Вакцинациялауға жататын контингенттер: 1) 2 жастағы балалар;  
2) қарым-қатынаста болған күннен кейінгі алғашқы 2 аптада АВГ ошақтарында 14 жасқа дейінгі және оларды қоса алғанда қарым-қатынаста болған балалар;  
3) ремиссия кезеңінде В және С созылмалы вирустық гепатиттерімен ауыратын 14 жасқа дейінгі балалар.

Вакцинациялау 6 ай аралықпен 2 рет жүргізіледі. Вакцинаны енгізуге жанама реакциялар туғызу тән емес. АВГ-ге қарсы вакциналарды бөлек енгізу шартымен, басқа вакциналармен қатар енгізуге болады.

### **Вакцинациялау**

- Жергілікті санитарлық – гигиеналық жағдайларды жақсартуға бағытталған шаралар жүргізілуі керек. Ең тиімді әдіс вакцинация. Келесі биопрепараттар қолданылады:
- 1. тірі аттенурленген (Қытайда сертифицирленген);
- 2. инактивирленген виросомды вакцина (Швейцарияда сертифицирленген).
- Вакцинация тиімді әсер береді. 1 рет бұлшық етке салған кезде 90-100% тиімділікті көрсетеді, ал 6-12 айдан кейін қайталап салынған вакцина ұзақ уақыт 100%-ға дейін тиімді болып саналады. Орташа 10 жылға тиімді.


-

# ОШАҚТАРДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР:

- 1) Сырқатпен қарым-қатынаста болған адамдар онымен қарым-қатынасты үзгеннен кейін 35 күн бойы апта сайын дәрігердің қарауымен (сауалнама, тері мен шырыштыларды тексеру, термометрия, бауырды қолмен зерттеу) медициналық бақылауға жатады.
- 2) Бақылау кезеңінде жаңадан балаларды қабылдау және қарым-қатынаста болған балаларды басқа топтарға, палаталарға немесе мекемелерге ауыстыруға тыйым салынады, ауру жағдайы тіркелген сынып үшін кабинетте оқыту жүйесі доғарылады. Бұрқ еткен сырқаттанушылық кезінде соңғы жағдай тіркелген күнінен бастап инкубациялық мезгілде мектеп бойынша кабинетте оқыту жүйесі тоқтатылады.
- 3) Сырқатпен қарым-қатынаста болған адамдарды клиникалық айғақтар болған жағдайда қанды биохимиялық анализдерге зертханалық тексеру дәрігердің тағайындауы бойынша жүргізіледі.
- 4) Сырқатты ұжымнан оқшаулағаннан кейін балалар бірге тамақтанған, болған және ұйықтаған қарым-қатынаста болған ұйықтаған жағдайда балабақшалар мен жабық типтегі балалар ұйымдарында қорытынды дезинфекциялау жүргізіледі.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- Жас балаларда гепатиттің белгілері байқалмайды, бірақ олар ауруды басқаларға таратады. Гепатиттің алдын алуда жеке гигиена ережелерін қатаң сақтаудың ерекше маңызы бар.
- Аурудың белгілері жойылғаннан кейін кемінде 3 апта бойы ауруды басқаларға жұқтырмауға тырысыңыз. Жеке ыдыс пайдаланыңыз. Жыныстық қатынас жасамаңыз, тіпті презервативпен болса да, басқаларға дайындалған тамақтан аулақ болыңыз.
- ЕСКЕРТУ: Гепатит стерилденбеген инемен шанышудан да тарайды. Әр қашанда пайдаланар алдында шприц пен ижелерді қайнатып алыңыз .



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1. Микробиология. В.Д.Тимаков, В.С.Левашев, Л.Б. Борисов.
- 2. Микробиология7 Вербина Н. М., Каптерёва Ю. В.
- 3. “Жұқпалы аурулар” А.Қ. Дүйсенова

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**